# "Астана - Қарағанды - Балқаш - Күрті - Қапшағай - Алматы" автомобиль жолының " Орталық - Оңтүстік" дәлізін реконструкциялау" 2152 - 2214 км (Күрті - Бурылбайтал учаскесі)" жобасы бойынша мемлекеттік кепілдік беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 25 қазандағы № 619 қаулысы

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 215-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Еуропа Қайта Құру және Даму Банкіне қарыз туралы келісімді жасасу күніне валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша 115000000 (бір жүз он бес миллион) АҚШ долларына дейін баламалы сомада « ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының тартылатын қарыз бойынша міндеттемелерін қамтамасыз ету ретінде «Астана – Қарағанды – Балқаш – Күрті – Қапшағай – Алматы» автомобиль жолының «Орталық – Оңтүстік» дәлізін реконструкциялау» 2152 – 2214 км (Күрті – Бурылбайтал учаскесі)» жобасы бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігін берсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Б. Сағынтаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК